

2023/2024-ОҚУ ЖЫЛЫНДА
ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН
МЕКТЕПТЕРДІҢ 9-СЫНЫП
ОҚУШЫЛАРЫНА АРНАЛҒАН

Қазақ тілі және әдебиеті

ПӘНІНЕН ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАЦИЯНЫ
ӨТКІЗУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК
ҰСЫНЫМДАР МЕН МАТЕРИАЛДАР



**2023-2024-ОҚУ ЖЫЛЫНДА ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН
МЕКТЕПТЕРДІҢ 9-СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА АРНАЛҒАН
ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУ ЕМТИХАНЫН ӨТКІЗУ БОЙЫНША
ҚАЗАҚ ТІЛІ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ ПӘНІНЕН СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ**

Құрастырушы: Т.С.Ахмедов – Ташкент облысы Педагогтарды жаңа әдістемелерге үйрету ұлттық орталығындағы Әдістемелік қызмет көрсету бөлімінің туысқан тілдер әдіскері.

Сарапшы: А. К.Тәжібаева – Республикалық білім орталығының қазақ тілі және әдебиет пәнінің әдіскері.

9-сыныпты бітірген оқушылар қазақ тілі және әдебиет пәнінен білім бағдарламасы бойынша стандарттар негізінде белгіленген компетенцияларға ие болады.

Оқушылардың алған білімін, дағдылары мен біліктіліктерін анықтау мақсатында 2023-2024-оқу жылында 9-сыныптарда қорытынды емтихан жазбаша түрде өткізіледі.

Әрбір емтихан билетінің сұрақтары мен тапсырмалары қазақ тілі және әдебиет пәні бойынша 7-8-9-сыныптарының тақырыптарын қамтиды. Ұсынымда алынған білуге қатысты сұрақтар, қолдану мен пайымдауға қатысты тапсырмалар бойынша бағалау критерийлері де көрсетілген.

Оқушыларға ұсынылған базалық сұрақтардан тұратын 2 билет беріледі. Билетте оқушыға 5 (қазақ тілінен 3, әдебиеттен 2) сұрақ қойылады. Сұрақтардың 2-і (қазақ тілінен 1, әдебиеттен 1) білуге, 2-і (қазақ тілінен 1, әдебиеттен 1) қолдануға, 1-і (қазақ тілінен 1) пайымдауға қатысты болады. Билет сұрақтарына жауап беру үшін жалпы 30 минут уақыт беріледі.

Оқушылардың жазба жұмыстары қазақ тілі пәндерінің әрбірі үшін жеке 100 балдық жүйе негізінде:

- 0 – 29% – “қанағаттанарсыз”;
- 30 – 65% – “қанағаттанарлық”;
- 66 – 85% – “жақсы”;
- 86 – 100% – “үлгілі”

баға ретінде бағаланады. Әрбір тапсырма үшін көрсетілген баллдан жоғары балл қоюға жол берілмейді.

**9-СЫНЫП ҚАЗАҚ ТІЛІ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ ПӘНІНЕН ҚОРЫТЫНДЫ
АТТЕСТАЦИЯ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ**

Қазақ тілі және әдебиет	Саны	Білу	Қолдану	Пайымдау	Толық жауап
“Алпамыс батыр” жырының көркемдік ерекшеліктері. Омоним, көнерген сөздерді пайдалану	5	2	2	1	
“Айман – Шолпан” жыры. Халық жыр-дастандарының ұлттық рухты көрсетудегі рөлі. Мәтінде көп мағыналы, синоним сөздерді пайдалану	5	2	2	1	
Сәбит Мұқановтың “Балуан Шолақ” романынан үзінді. Атауыш сөз таптары. Көмекші сөздер	5	2	2	1	
Мұхтар Әуезовтың “Көксерек” повесі. Құрмалас сөйлем және тыныс белгілерінің қолданылуы	5	2	2	1	
Махамбет Өтемісұлының “Ереуіл атқа ер салмай” өлеңі. Жай сөйлем мен сөйлем мүшелері бойынша талдау	5	2	2	1	
Шыңғыс Айтматовтың “Ақ кеме” повесі. Бірыңғай мүшелер	5	2	2	1	
Тәкен Әлімқұловтың “Қараой” әңгімесі. Жай және құрмалас сөйлемдер. Төл сөз бен төлеу сөз	5	2	2	1	
Мұхтар Әуезовтың “Қараш-қараш оқиғасы” повесі. Құрмалас сөйлемнің компоненттері және оларды байланыстыратын амал-тәсілдер	5	2	2	1	
Мағжан Жұмабаевтың “Батыр Баян” поэмасы. Құрамында төл сөзі бар сөйлемде тыныс белгілерінің қолданылуы	5	2	2	1	
Пірімқұл Қадыровтың “Жұлдызды түндер” романы. Тыныс белгілері және олардың жазбаша сөйлеудегі маңызы.	5	2	2	1	

ТАПСЫРМА БОЙЫНША БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙІ

№	Менгеруі қажет болған дағдылар		Тапсырма түрі	Тапсырма пішіні	Бағалау критерийі
1	Мәтін қайсы шығармадан алынғанын, жанры мен идеясын анықтай алу;	Б	Жазба	Жазба	<p>Мәтін қайсы шығармадан алынғанын, жанры мен идеясын толық, өмірден алынған мысалдар негізінде салыстырып, жоғары дәрежеде түсіндірсе: 16-18 балл</p> <p>Мәтін қайсы шығармадан алынғанын, жанры мен идеясын өмірден алынған мысалдар негізінде айтарлықтай дәрежеде түсіндірсе: 13-15 балл</p> <p>Мәтін қайсы шығармадан алынғанын, жанры мен идеясын қанағаттанарлық дәрежеде айта алса: 8-11 балл</p> <p>Мәтін қайсы шығармадан алынғанын, идеясы туралы кейбір мәліметтерді айтып берсе: 1-7 балл</p> <p>Оқушы жоғарыда сипатталған ешбір стандартқа қол жеткізе алмаса: 0 балл</p>

2	Мәтін негізінде берілген грамматикалық тапсырмаларды ережеге сәйкес орындай алу	Б	Жазба	Жазба	<p>Мәтін негізінде берілген грамматикалық тапсырмаларды ережеге сәйкес, жоғары деңгейде орындай алса: 16-18 балл</p> <p>Мәтін негізінде берілген грамматикалық тапсырмаларды ережеге сәйкес айтарлықтай дәрежеде орындай алса: 13-15 балл</p> <p>Мәтін негізінде берілген грамматикалық тапсырмаларды ережеге сәйкес қанағаттанарлық дәрежеде орындай алса: 8-11 балл</p> <p>Мәтін негізінде берілген грамматикалық тапсырмаларды ережеге сәйкес минимум дәрежеде орындай алса: 1-7 балл</p> <p>Оқушы жоғарыда сипатталған ешбір стандартқа қол жеткізе алмаса: 0 балл</p>
		Қ	Жазба	Жазба	<p>Берілген тапсырманы үлгілі дәрежеде өз көзқарасына сүйеніп, өмірлік мысалдармен негіздеп берсе: 18-21 балл</p>

3, 4	Берілген тапсырманы үлгілі дәрежеде өз көзқарасына сүйеніп, өмірлік мысалдармен негіздеп бере алу				<p>Берілген тапсырманы үлгілі дәрежеде өз көзқарасына сүйеніп, айтарлықтай дәрежеде түсіндірсе: 14-17 балл</p> <p>Берілген тапсырманы қанағаттанарлық дәрежеде түсіндірсе: 9-13 балл</p> <p>Берілген тапсырманы кейбір мәліметтермен минимум дәрежеде түсіндірсе: 1-8 балл</p> <p>Оқушы жоғарыда сипатталған ешбір стандартқа қол жеткізе алмаса: 0 балл</p>
5	Берілген тапсырмаға үлгілі дәрежеде шығармашылық тұрғыдан жанасып, терең пайымдап, бүгінгі күнге байланысты мысалдар келтіре алу	П	Жазба	Жазба	<p>Берілген тапсырмаға үлгілі дәрежеде шығармашылық тұрғыдан жанасып, терең пайымдап, бүгінгі күнге байланысты мысалдар келтіре алса: 19-22 балл</p> <p>Берілген тапсырмаға айтарлықтай дәрежеде шығармашылық тұрғыдан жанасып, бүгінгі күнге байланысты мысалдар келтіре алса: 15-18 балл</p> <p>Берілген тапсырмаға қанағаттанарлық дәрежеде шығармашылық тұрғыдан жанасып, бүгінгі күнге</p>

					байланысты мысалдар келтіре алса: 10-14 балл Берілген тапсырмаға минимум дәрежеде жанасып, толымсыз мысалдар келтіре алса: 1-9 балл Оқушы жоғарыда сипатталған ешбір стандартқа қол жеткізе алмаса: 0 балл
--	--	--	--	--	--

I НҮСҚА

...Тауға біткен андызым,
 Суға біткен жалбызым.
 Жабыны жауға мінгендей,
 Нешеу едің, жалғызым?...
 ... Бедеу аттың белгісі-ай,
 Адамның азбас естісі-ай,
 Қайда кетіп барасың,
 Қарағымның аманат қойған ешкісі-ай?
 Шөрей, жаным, шөрей!
 Тау басында бұлақ-ай,
 Қу Құлтайдың құлағы-ай?
 Қарағымның аманат қойған лағы-ай?
 Шөрей, жаным, шөрей!
 Ідіріс еді көрпесі-ай,
 Ол Жәдігер зарлайды,
 Байбөрінің еркесі-ай,
 Қайда кетіп барасың,
 Қайда кетіп барасың,
 Қарағымның аманат қойған серкесі-ай?

Шөрей, жаным, шөрей!
 Құмға бітер ебелек,
 Биік тауда түн болса,
 Түлкі жортар көбелеп.
 Құлтай бабаң келеді,
 Маңдайына төпелеп.
 Кәрі Құлтай жете алмай,
 Жүгіреді шөрелеп,
 Қайда кетіп барасың,
 Иесіз қалған кебенек,
 Шөрей, жаным, шөрей! (93 сөз)

ТАПСЫРМАЛАР:

1. Берілген мәтін қайсы шығармадан алынған? Шығарманың атын, жанрын және идеясын анықта. **(Білу)**
2. Мәтіннен омоним сөздерді тауып, лексикалық ерекшеліктерін жаз. **(Білу)**
3. Шығармадағы
 “... *Тауға біткен андызым,*
Суға біткен жалбызым.
Жабыны жауға мінгендей,
Нешеу едің, жалғызым”, – деген үзінді қайсы оқиға туралы? **(Қолдану)**
4. Төменде берілген сөздердің мағынасын түсіндіріп жаз. **(Қолдану)**

андыз	
жабы	
бедеу ат	
ідіріс	
ебелек	
кебенек	

5. Үзіндіде берілген қарт Құлтайдың монологынан нені байқаймыз?
Бүгін біздің атамыз немесе әкеміз мұндай жағдайда не істейтін еді?
(Пайымдау)

II НҰСҚА

... Кетеді, Маман енді баға бұлың,
Табылмас ашулансам сенің күнің.
Аулыңды ас тарқамай шабарыма,
Маман бай еркек болсаң, әкел қолың!
«Қу кедей, жаман қатты шабарсың», – деп,
Маман бай түрегеліп алысты қол.
... Қызыл құм есік алды биік бар-ды,
Құдайым көңіліме ақыл салды.
Ақ сандық қызыл құмның күн бетінде,
Ішінде осы малдай үш мал бар-ды.
«Көтібар серт қып кетті» деген күні,
Аралға айдап тастап ем бес жүз атты.
... Не айтып, не қойғаным біле алмаймын,
Қасқайып бұрынғыдай күле алмаймын.
Тақымым тай күнінен үйренген ат,
Басқаны Сұр жорғадан міне алмаймын.
... Базарда Теңге болсаң, бұл боларсың,
Қолыңа құрық алсаң, құл боларсың.
Батырдың айтқан сөзі рас болса,
Қолыма су құятын күң боларсың. (108 сөз)

ТАПСЫРМАЛАР:

1. Берілген мәтін қайсы шығармадан алынған? Шығарманың атын,
жанры мен идеясын анықта. (Білу)

2. Мәтіндегі асты сызылған өлең жолдарында берілген көп мағыналы сөздердің алдымен тура мағынасын, содан соң ауыспалы мағынасын жаз.

(Білу)

3. Шығармадағы

“... Не айтып, не қойғаным біле алмаймын,

Қасқайып бұрынғыдай күле алмаймын.

Тақымым тай күнінен үйренген ат,

Басқаны Сұр жорғадан міне алмаймын”, – деп суреттелген кейіпкерге

сипаттама бер. Осы кейіпкердің шығармадағы рөлін түсіндір. (Қолдану)

4. Мәтіннен синонимі бар сөздерді тауып, синонимдерімен бірге жаз.

(Қолдану)

5. Неліктен шығарманың кейіпкері:

“Базарда Теңге болсаң, бұл боларсың,

Қолыңа құрық алсаң, құл боларсың.

Батырдың айтқан сөзі рас болса,

Қолыма су құятын күң боларсың”, – деп айтады? (Пайымдау)

III НҮСҚА

**... Ер тумай, жер туып па еді? «Елімін» деп неге айтатын ең, өзіңді?
– деп ақырды.**

Осы кезде ұзынша бойлы, жауырынды, бірақ белі талдырмаш, үлкендеу бота көзі ойнақшыған, жоғарғы ерні жаңа ғана түбіттен бастаған атжақты, сарысұр әдемі жас жігіт, ор қояндай ойнақтаған жеңіл қимылмен, ептеп басып кеп, оң тізесін бүгіп Нұрмағамбетке сәлем беріп, қолын ұсынды. Нұрмағамбет “Бұл кім” дегендей жас жігітті көзімен шолып еді: ақ ботаның түбітінен тоқыған, қарала батсайымен өңірін әдіптеп, жағасына төрт елідей күндыз ұстаған қынама бел камзолы бар жасыл жібекпен тыстаған, оң жақ құлағын жымқыра киген ақ бұйра, жекей тымағы бар, аяғында кебісін күміс шегемен әлеміштеп, желкесін көк сауырлатқан, өкшесі биік “Қосай-қолашы” бар. Нұрмағамбет “Паңмен” үйде де, түзде де өзі рұқсат етпей ешкім

амандаспайтын еді. Мына жігіттің екпіндеп кеп қол беруі оған ұнамады. (124 сөз)

ТАПСЫРМАЛАР:

1. Берілген мәтін қайсы шығармадан алынған? Шығарманың аты мен идеясын анықта. **(Білу)**

2. Мәтінде ерекше көрсетілген сөйлемдерде көмекші сөз таптарының қандай түрлері бар? **(Білу)**

3. Шығармадағы “... *Нұрмағамбет “Паңмен” үйде де, түзде де өзі рұқсат етпей ешкім амандаспайтын еді*” деп айтылған кейіпкерге сипаттама бер. Бұл кейіпкердің шығармадағы рөлін түсіндір. **(Қолдану)**

4. Мәтінде ерекше көрсетілген сөйлемге морфологиялық және синтаксистік талдау жаса. **(Қолдану)**

А) морфологиялық талдау

зат есім	сын есім	сан есім	есімдік	үстеу	етістік

Ә) Синтаксистік талдау _____

5. Мәтіндегі “*Мына жігіттің екпіндеп кеп қол беруі оған ұнамады*”, деген сөйлемнің мәнін өмірлік дәлелдермен түсіндір. **(Пайымдау)**

IV НҰСҚА

... Туғаннан бергі барлық көресі осыдан – екі аяқтыдан дегендей, жығылып домалап жатқан балаға тап берді. Оқыс секіргенде санының жарасы ашылып, тыз етіп ашып қалып еді. Ол бұрынғыдан жаман ызаландырып

құтыртқандай. Боз ұзап қашып кетті. Қой да жоқ. Екпіндеп секіріп, ырылдап кеп баланы бас салды.

Бұл бала Құрмаш еді. Қойшы ауырып қалып, әкесі бір күнге қойға жіберген еді. Астына мінгені өзінің жүйрік боз дөнені болатын. Үстіне гүрілдеп қасқыр төніп келгенде, көзі бір ашылып, бір жұмылады. Басына таман арандай ашылып келе жатқан ауыздың жоғарғы жағында өзіне таныс құлақ көрінді. Сол жақтағы тілік құлақтың жартысы салпылдап тұр. Ақырғы сезген-білгені – сол.

Содан әрі баланың үні өшті. Қасқырдың аузы тиместен бұрын өліп кетті.
(113 сөз)

ТАПСЫРМАЛАР:

1. Осы мәтін қайсы шығармадан алынған? Шығарманың аты мен идеясын анықта. **(Білу)**
2. Мәтіндегі асты сызылған құрмалас сөйлемнің түрін анықтап жаз және жай сөйлемдердің байланысын түсіндір. **(Білу)**
3. Шығарманың жанрлық ерекшеліктерін анықтап жаз. Бас кейіпкердің өліміне себеп болатын факторларды түсіндір **(Қолдану)**
4. Мәтіндегі асты сызылған құрмалас сөйлемдегі тыныс белгілерінің қойылу себебін түсіндір. **(Қолдану)**
5. Неліктен қасқырдың басына “Туғаннан бергі барлық көресі осыдан – екі аяқтыдан”, деген ой келуі мүмкін? Өз пікіріңді дәлелдермен негізде. **(Пайымдау)**

V НҰСҚА

Ереуіл атқа ер салмай,
Егеулі найза қолға алмай,
Еңку-еңку жер шалмай,
Қоңыр салқын төске алмай,
Тебінгі терге шірімей,
Терлігі майдай ерімей,

Алты малта ас болмай,
Өзіңнен туған жас бала,
Сақалы шығып жат болмай,
Ат үстінде күн көрмей,
Ашаршылық, шөл көрмей,
Өзегі талып ет жемей,
Ер төсектен безінбей,
Ұлы түске ұрынбай,
Түн қатып жүріп, түс қашпай,
Тебінгі теріс тағынбай,
Темірқазық жастанбай,
Қу толағай бастанбай,
Ерлердің ісі бітер ме?! (68 сөз)

ТАПСЫРМАЛАР:

1. Осы мәтін қайсы шығармадан алынған? Шығарманың аты мен идеясын анықта. **(Білу)**
2. Осы өлеңдегі тыныс белгілерінің қойылу себебін түсіндір. **(Білу)**
3. Мәтіндегі бағыныңқы жай сөйлемдердің баяндауыштары қандай тұлғада тұр? **(Қолдану)**
4. Өлеңдегі құрмалас сөйлемнің түрін анықтап жаз және жай сөйлемдердің байланысын түсіндір. **(Қолдану)**
5. Шығармадағы:
“... *Темірқазық жастанбай,
Қу толағай бастанбай*”, –
деген өлең жолдары нені білдіреді? Пайымдау жаса. **(Пайымдау)**

VI НҮСҚА

... Бала көл жаққа арқасын берді де, дүрбісін жанына қойып, таудың етегіне қарады, етекте көбігі күмістен ұшқан қылаудай көкке атып жатқан тау

өзені, соны жағалай жалғыз аяқ жол кетеді де өзенмен бірге шатқалға кіріп жоғалады, өзеннің арғы беті орманды жарқабақ болатын. **Сантастың орман қорығы осы жерден басталады, тау шатқалдарына ұйыса, биікке өрмелей өскен қалың қарағай қарлы шыңға иек артып барып тоқтайды.** Сол иек артқан жерде көбіне қарағай өседі. Жабайы жартаспен таласа тамырласып кететін қарағай сиреп барып, кейбіреуі қалың қардың ортасынан нәр-өзек тапқан.

Бала қорықтағы үйлерді, сарайды, қора-қопсыларды бүгін көргендей күле қарайды. Жоғарыдан көз тастағанда бәрі де аласа, жермен жексен болып көрінеді екен. Өне үйлерден сәл әріректе өзен жағасындағы өзінің достарына көзі түсті. «Түйе», «қасқыр», «танк», «ерттеулі ат», – бәрі-бәрі қаз қалпында. (119 сөз)

ТАПСЫРМАЛАР:

1. Осы мәтін қайсы шығармадан алынған? Шығарманың аты мен идеясын анықта. **(Білу)**

2. Мәтіндегі ауыспалы мағыналы сөздерді тап және олардың лексикалық ерекшелігін жаз. **(Білу)**

3. Үзіндіде ерекше көрсетілген құрмалас сөйлемнің түрін анықтап жаз және жай сөйлемдердің байланысын түсіндір. **(Қолдану)**

4. Мәтіндегі бірыңғай мүшелерді тап және олардың сөйлемдегі синтаксистік қызметін анықтап жаз. **(Қолдану)**

5. Неліктен бала үйлерге, сарайға, қора-қопсыларға күле қарады? Өз пікіріңді дәлелдермен негізде. **(Пайымдау)**

VII НҰСҚА

... Ықыластар екен. Жамырай сәлемдесті. Ықыластың өзі Әуестің құшағындағы баласын иіскеді. «Шіркін, бауырлық-ай!» деді Махамбет.

Қонақтар үйге кіргенде Әуес құшағынан босаған баласына ұрсып жатты. – Үй айналма. Жаман болады.

Бұл ырымнан Махамбет қайта күдіктенді. «Ықылас ит бүгін неғып бауырмал бола қалды?» – деді.

Алғашқы «амандық-есендіктен» кейін қонақтар жартымды сөз таппай, тымсырайысып қалды. «Ертіп келуші не айтасың?» дегендей Махамбет Ықыластың бетіне қарады.

Ықыластың шегір көзі – тұман. Баяғыда біреудің қатыны толғақтан өлерде осы шегір көз шошытып, іш тастатқан деседі. Махамбет тұманды көздің түбіне жете алмады.

Төрде отырған Жаңаберген болса, бастан байсалды. Ішіне кіріп-шығу оңай емес. О баста көтеріліске араласып, кейін айламен аман қалған бидің бірі. Махамбет оның күйші інісі Төлепбергенмен көп тұздас-дәмдес болса, бұның өзімен ертеден-ақ алыстан сыйласқан. (113 сөз)

ТАПСЫРМАЛАР:

1. Берілген мәтін қайсы шығармадан алынған? Шығарманың атын, жанрын және идеясын анықта. (Білу)

2. Мәтіндегі асты сызылған құрмалас сөйлемнің түрін анықтап жаз және жай сөйлемдердің байланысын түсіндір. (Білу)

3. Мәтінде берілген төл сөздерді тап және оларды төлеу сөзге айналдыр. (Қолдану)

4. “*Ықыластың шегір көзі – тұман*”. Осы кейіпкердің шығармадағы атқаратын рөлін түсіндір. (Қолдану)

5. Неліктен Махамбет күдіктеніп отыр? Оның қонақтар туралы ойы қандай? Пайымдау жаса. (Пайымдау)

VIII НҰСҚА

... Өйткені бағанадан **алыстағы** сарынын естіген қалың жылқы осы алдындағы иекартпа бір белдің ар жағында шетте жатыр. Сақ, сергек жылқышысы болса, шеттей шығып, тың тыңдап, жер шалуға барады. Сондайдың көзіне түспеу керек. Ендігі тықырды білдірмес үшін, атқа да тасты

жерді басқызбайды. Көптен жалғыз келе жатқан ат қалың жылқының сарынын естіп не кісінеп, не пысқырып жібермесін деп, тізгінді тежеп, аңдып ұстап келеді. Басын да төмен салғызбай шаужайлай түседі.

Қой торыған бөрідей енді жұтынып, қомданып алған дөңгелек денесі анда-санда маңайды болжағанда, алды-арты, жан-жағына шапшаң бұрылады. Барлық қозғалысына ұршықтай үйірілген жіті сергектік пайда болған. Кішкене қысық көздері жауынды түнді тіліп өткендей. Тау ішіне шаншыла қарағанда көрсетпесін көргендей. Енді жылқыға оқ бойындай жақындап келді. (109 сөз)

ТАПСЫРМАЛАР:

1. Берілген мәтін қайсы шығармадан алынған? Шығарманың атын, жанрын және идеясын анықта. **(Білу)**

2. Мәтіндегі ерекше көрсетілген сөздердің омонимдері мен синонимдерін жаз және мағыналарын түсіндір. **(Білу)**

3. Мәтіндегі асты сызылған құрмалас сөйлемнің түрін анықтап жаз және оның компоненттерін байланыстыратын амал-тәсілдерді көрсет. **(Қолдану)**

4. Неліктен сақ, сергек жылқышы шеттей шығып, тың тыңдап, жер шалуға баруының себебін түсіндір. **(Қолдану)**

5. Шығармадағы “*Ендігі тықырды білдірмес үшін, атқа да тасты жерді басқызбайды*”, деген үзіндіден нені байқадың? Ол не мақсатта осылай жүр және оның осылай жүруіне не себеп болды? **(Пайымдау)**

ІХ НҰСҚА

Бір күлді балдырғандай Ноян бала,
Ашылған шешек жарып гүлдей жаңа.
Еріксіз сотқарлығын кешіретін
Еркелеп ерке ұландай күліп қана.
Көрсе де дауыл гүлді – басылмады,
Ер Баян арыстандай жаны жара.

Қалшылдап, көзі қан боп қолын алмай
Байланған садағына белде сала.
Жас Ноян: «Жан көке!» деп сөз қатқанша,
Сұлу да жетіп келіп: «Баян аға!»
Дегенше, қалды тартып батыр Баян,
Баянның батырлығы алашқа аян.
Оқ тиіп жүрегінен құлап түсті
Атынан бүктетіліп бөбек Ноян.
Жын шуы басқандай боп естімеді
«Жан көке, аға!» деген сөзді Баян.
Садағын сол секундта тартты тағы
Бір ашып, бір жұмбай да көзді Баян.
Үстіне інісінің денесінің
Түсірді тағы ұшырып қызды Баян.
Екі жас аттарынан ұшып түсті,
Түскенде бірін-бірі құшып түсті.
Жүректен атып ыршып шыққан қанмен
Жалғыз-ақ «Аһ» десті де, «Жаным» десті. (120 сөз)

ТАПСЫРМАЛАР:

1. Берілген мәтін қайсы шығармадан алынған? Шығарманың атын, жанрын және идеясын анықта. **(Білу)**
2. Мәтінде көмекші сөз таптарының қандай түрлері бар? **(Білу)**
3. Мәтіндегі “Сұлу да жетіп келіп: “Баян аға!” деген үзіндідегі төл сөз шығарманың қайсы кейіпкерінің сөзі? Бұл кейіпкердің шығармадағы атқаратын рөлін түсіндір. **(Қолдану)**
4. Төл сөз қатысқан сөйлемдерде тыныс белгілерінің қойылу себебін түсіндір. **(Қолдану)**

5. Шығармадағы бас кейіпкердің берілген үзіндідегі іс-әрекетті жасауына не себеп болды? Пікіріңді өмірлік мысалдармен дәлелде.

(Пайымдау)

X НҰСҚА

... Молда өзінің алдында отырған баланың есіл-дерті басқа жақта екенін бірден сезіп қалды да, ақырын орнынан тұрып, Бабырдың жанына келді. Бабыр суретті жасырып үлгірмеді.

– Адамның суреті ме?! – деп **мударрис** зілдене сөйледі. – Сіз қасиетті құран сөздерін тындаудың орнына, шарифат қатал тыйым салған қайдағы бір суретшілік өнерімен айналысқаныңыз қалай, мырзам?

– Мәртебелі ұстаз, бұл суретті мен салғам жоқ. Мұны маған Гераттан әкеліп берді. Бұл ұлы адам – **Mip** Әлішер ғой.

Молда Науаиды **шайыр** деп есіткен, бірақ шығармаларын әлі оқымаған еді.

– Адамның суретін салып, оны тарату құдайдың қарғысына ұшыраған жын-шайтанның ісі! Қане, қолыңыздағы суретті маған беріңізші, әмірзадам! Беріңіз!

Мударрис мына түрімен ашу үстінде суретті быт-шыт етіп паршалап тастаудан да тайынбас еді. (105 сөз)

ТАПСЫРМАЛАР:

1. Берілген мәтін қайсы шығармадан алынған? Шығарманың атын, жанрын және идеясын анықта. **(Білу)**

2. Мәтіндегі ерекше көрсетілген сөздердің мағыналарын түсіндір? **(Білу)**

3. Шығармадағы “*Молда өзінің алдында отырған баланың есіл-дерті басқа жақта екенін бірден сезіп қалды да, ақырын орнынан тұрып, Бабырдың жанына келді*”, деген сәтте бала Бабыр не туралы ойланып отыр еді? **(Қолдану)**

4. Мәтіндегі асты сызылған сөйлемдердегі тыныс белгілерінің қойылу себебін түсіндір. **(Қолдану)**

5. Шығармада бейнеленген тарихи кезеңде неліктен суретшілік өнеріне қатаң тиым салынған еді? **(Пайымдау)**